



**Коммерциялық емес
акционерлік қоғамы**

**ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ
АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

Әлеуметтік пәндер кафедрасы

ФИЛОСОФИЯ

Семинарлық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар (барлық мамандықтардың күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімдерінің студенттеріне арналған)

Алматы 2021

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Мухамеджан Қ.Ш., Джаркинбаев Е.Е., Философия. Семинарлық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар. –Алматы: Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ, 2021.-33 б.

Ұсынып отырған философиядан семинарлық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар барлық мамандықтардың күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімдерінің студенттеріне арналған

Пікір беруші: ОУМК мүшесі, т.ғ.к., профессор

Орынбекова Д.С.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2021 ж. баспа жоспары бойынша басылады.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ., 2021 ж.

Кіріспе

Бүгінгі ғылым талаптарына сәйкес міндетті түрде оқытылатын негізгі гуманитарлық пәндер қатарына философия ғылымы жатады. Білім беру саласындағы әлемдік тәжірибенің ХХ – ғасырдың екінші жартысынан бастап гуманистік бағытта дамуы, гуманитарлық пәндердің әлеуметтік маңызын арттырып, білім беру процесінің мәні мен мұраттарын жаңа тұрғыдан түсінуге алып келді.

«Философия» курсына арналған оқу бағдарламасы қазіргі заманғы жоғары білімді инженер – маман білуге тиісті негізгі философиялық және ғылыми мәселелердің мәнін көрсетеді. Пәннің жалпы мақсаты да студенттердің - болашақ мамандардың - дүниетанымын кеңейтіп, философиялық көзқарасын қалыптастырып, жүйелі ойлауға бағыттау. Семинар сабағында және өз бетімен талдауға арналған тақырыптар дүние, қоғам және адам туралы мифологиялық, діни – философиялық, ғылыми – философиялық көзқарастардың ерекшеліктерін саралап, адам өмірінің мәнін сенім мен таным мүмкіндіктерін ашуға арналған. Сонымен бірге адамзат білімінің қыр – сыры, оның қазіргі заманғы қоғамдағы дамуы және рөлі адами – рухани құндылықтардың күнделікті өмірдегі маңызы, шығармашылық өнердің мүмкіндіктері мен болашағы жайында мәселелер талданады.

«Философия» пәнінің оқытылуы студенттерді парасаттылыққа және эстетикалық талғам қалыптастыруға тәрбиелейді. Ең маңыздысы жастар философия тарихымен таныса отырып, ғасырлар бойы жинақталған рухани байлықты игереді, сол арқылы адам бойындағы қасиеттерге, тұлғаның қалыптасуы, бостандыққа ұмтылуы, қоғамдық қатынастар мен үйлесімділіктің мәнін түсіндіретін заңдылықтарға баға береді. Адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы байланыстар, қазіргі заманғы ауқымды тауқыметтер, адамзат мәдениеті мен жер бетіндегі тіршіліктің болашағы, жалпы адамзаттық игіліктердің тағдыры мен даму үрдісі туралы өз пікірлерін қалыптастырады. Әлемде және елімізде болып жатқан саяси - әлеуметтік өзгерістерге, ұлттық құндылықтарымызға баға бере отырып, философиялық зерделік – логикалық, жүйелі сыншыл тұжырымдардың мәнін түсінеді.

Дәрісте қысқаша бағыт – бағдар, әлемдік философияның тарихынан жалпылама мәліметтер ғана берілсе, семинар сабақтарында және студент өзіндік жұмыстарды орындаған кездері нақтылы бір философиялық көзқарастарға немесе жекелеген данышпандардың пікірлеріне талдау жасалады. Семинар сабағы студенттің жинақтаған білімін, ойлау және шешендік деңгейін көрсетуіне мүмкіндік береді. Тек сөйлеуге үйретіп қоймай, дәлелді түрде өзі таңдаған даналық ойды немесе өзінің төл пікірін қорғауға дағдыландырады. Философияны оқып – түсінудегі басты мақсат рухани құндылықтардың, өмірдің шынайы мәнін анықтау болғандықтан және пенделік пен адамгершіліктің, бақыт пен бақытсыздықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, ақиқат пен жалғанның ара – жігін ашуға тірелетіндіктен, әртүрлі пікірлер мен тұжырымдарды саралап салыстыруға тура келеді. Философияның

басқа ілімдерден және көзқарас формаларынан айырмашылығы - аталған мәселелер туралы нақтылы, біржақты, абсолютті ақиқат деп танитын анықтамалар жоқ. Дүниеге философиялық көзқараспен қарайтын адам ақиқатты өзі іздеуі тиіс. Ал, философия тарихында жинақталған білім мен тәжірибе нәтижелері тек қана бағыт – бағдар береді. Қорыта айтқанда пәннің негізгі мұраты оқушыны пенделікпен күресіп, адам болуға, өзін - өзі тәрбиелеуге, сынаржақты ойлап өмір сүрмей жан – жақты ойлап, іс - әрекет жасауға бағыттау.

Осы мақсаттарға жету жолында мынандай мәселелерді шешуіміз қажет:

- адамзаттың мәдени тәжірибесін, ойлау және тану формаларын саралап, оларды салыстыра отырып, жалпы адами құндылықтар тұрғысынан талдау;
- әлемдік философия тарихында қалыптасқан көзқарастар мен концепцияларға объективті бағасын беруге тырысу;
- данышпандар мен әулиелер айтқан пікірлер мен нақыл сөздердің мағынасын түсініп, үндестігі мен айырмашылығына назар салу;
- қазіргі заманғы адамзат қоғамының даму бағыттары мен үрдістеріне тарихи және болашақтағы нәтижелер тұрғысынан баға беру және болжамдар жасау;
- ұлттық философияның тарихымен таныса отырып, оның қазіргі кезеңдегі даму ерекшеліктерін анықтау және мәнін айқындау;
- философиялық көзқарасымызды қалыптастыра отырып, ойлау және сөйлеу мәдениетіне үйрену, жүйелі ой, пікір айтуға дағдылану;
- дүниеге, өмірге деген көзқарасты жүйелеп, шынайы адами құндылықтарды анықтап, абсолютті ақиқатты тануға ақыл – сенімімізді бағыттау.

Осы аталған мәселелерді шешіп, белгілі бір нәтижеге жету үшін семинар сабақтары өткізіліп, студенттер өзіндік жұмыстар атқарады. Аудиториялық уақыт шектеулі болғандықтан кредиттік оқу жүйесі бойынша, студент сабақтан тысқары кездері семестрлік жұмыстар орындап, әртүрлі қосымша әдебиеттерді оқуы тиіс. Философия басқа да әлеуметтану, жаратылыстану және техникалық ғылымдармен тығыз байланыста дамиды және адамтану ілімінің негізі болып табылады. Философия барлық жоғары оқу орындарының бірінші – екінші курс студенттеріне оқытылады, ал оған дейін орта мектеп оқушылары қоғамтану және жаратылыстану ғылымдарының негізімен танысып, белгілі бір дәрежеде білім қорымен және өмірлік тәжірибемен келеді.

Семинар сабақтарында студенттерге қойылатын талаптар мен шарттарға келсек, олар мыналар:

- философия тарихында қалыптасқан негізгі ұғымдардың мағынасын түсініп, оларды өз дәрежесінде қолдана білу;
- семинар сұрақтарын немесе өзіндік жұмысты талдаған сәтте әртүрлі философиялық көзқарастар тұрғысынан қарай отырып, жүйелі түрде түсінігін айтып жеткізу;

- әртүрлі концепциялардың өзіндік мағынасын және тарихи негізін, пайда болу заңдылығын, адамзат үшін құндылығын, анықтаған өзіндік көзқарасын білдіру;

- ойлау және сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, әртүрлі пікірлерді сабырмен қабылдау және өз пікірін логикалық заңдылықтарды сақтай отырып жеткізе білу.

1. Философияның пәні, қызметі және мақсаты. Ойлау және көзқарас формалары

Философиялық көзқарастың өзіндік ерекшеліктері. «Философия- даналыққа күштарлық» -деген Пифагордың анықтамасының мәні. Дүниеге, қоғамға және адам іс-әрекетіне сыни көзбен қарау, күмәндану философиялық ойлау түріне тән құбылыс.

Дүниенің ғылыми, философиялық және діни бейнесі. Миф, дін, философияның арақатынасы. Философия рухани өмірдің ерекше сферасы.

Философияның негізгі бөлімдерінің қысқаша сипаттары – онтология, гносеология, антропология, логика, этика, эстетика, әлеуметтану, психология, аксиология, теология, астрология, сексология, фтурология, политология т.б.

Философия және фалсафа, қазіргі заманғы Қазақстандағы философияның даму деңгейі және бағыттары.



1.1 сурет

Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар:

1) Көзқарас - дегеніміз не?, оның өзіне тән ерекшеліктері қандай?

- 2) Мифологиялық сананың ерекшеліктерін атап бер.
- 3) Философиялық білімдер жүйесі.
- 4) Философиялық ойлаудың ерекшелігі.
- 5) Философияның мәдениеттегі алар орны.
- 6) Философиялық проблеманың табиғаты қандай?

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

- 1) Шығыстық, дәстүрлік мәдениеттегі философияның орны.
- 2) Жалпы адамзат мәдениеті дамуындағы философияның рөлі.
- 3) Өмірдің мәні немесе бақыт – мәңгілік философиялық мәселе.

2. Философияның негізгі функциялары және қоғамдағы маңызы

Жалпы төрт функцияны негізгілері деп санайды:

- бірінші функциясы экспликация – белгілі бір мәдениет немесе адамдардың тарихи-қоғамдық өмірі тұтастай негізге алатын тәжірибе формаларын, көзқарас, ең басты идеяларды анықтайды; оларды мәдениет универсалийлері деп те атайды;

- екінші функциясы көзқарастың рационалдық-теориялық формасы, философия ойды, пікірді ұғымдық және логикалық формаға келтіру функциясын атқарады;

- үшінші функциясы жүйелеу - философия әртүрлі формадағы адамзат тәжірибесінің нәтижелерін теориялық тұрғыдан тұжырымдауға ұмтылады;

- төртінші функциясы мәдениет дамуындағы қайшылықтар мен адамзат іс-әрекетіндегі пендешіліктерді сынға алу, өмірдің мәнін анықтау, пайымдау барысында қалыптасқан өзімшілдік пиғылдарды әшкерелеу, адам мен қоғам, адам мен адам арасындағы қатынастардағы ақылға сыймайтын ой мен істің табиғатын, мазмұнын ашып көрсетуге тырысады.

Аталған функциялар философия мен діннің философия мен ғылымның арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Қазіргі заманғы әлемдік қарым-қатынастағы, мәдениеттің дамуындағы жеке адам өміріндегі философияның рөліне ерекше назар аударған дұрыс. Сонымен бірге адамзат қоғамының гуманизациялану процессіне, пенденің адамдық деңгейге көтерілу мүмкіндігіне тікелей адамдық деңгейге көтерілу мүмкіндігіне тікелей тигізетін әсерін де ашып көрсету керек. Осы жерде философияның парасатпен, имандылықпен, саясатпен, өнермен, дінмен, махаббатпен астарласып жатқанын көрсету қажет.

2.1 кесте - Философиялық ой-пікірдің дамып-қалыптасқанбасты жағрапиялық орталықтары

Тарихи кезеңдері	Жағрапиялық елді-мекендері			
	Азия	Африка	Европа	Америка
Ежелгі дүние	Үндістан, Қытай	Мысыр	Грекия – Рим	
Орта-ғасырлық кезең	Үндістан, Қытай, Тибет, Таяу және Орта Шығыс	Мысыр	Батыс, Шығыс, Оңтүстік Европа	
Қайта өрлеу кезеңі	Үндістан, Қытай, Тибет, Таяу және Орта Шығыс	Солтүстік Африка	Батыс, Шығыс, Оңтүстік Европа	
Жаңа дәуір кезеңі	Үндістан, Қытай, Тибет, Таяу және Орта Шығыс, Жапония	Солтүстік Африка	Европа	Солтүстік Америка
Қазіргі заман	Үндістан, Қытай, Тибет, Таяу және Орта Шығыс, Жапония	Африка	Европа	Солтүстік Америка

Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар:

- 1) Философияның негізгі әдісі.
- 2) Философияның басты мәселесі.
- 3) Философияның басты мәселесінің екінші жағы.
- 4) Философияның негізгі қызметтері.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

- 1) Философияның аксиологиялық функциясы.
- 2) Адам және қоғам өміріндегі философиялық мәселелердің өзектілігі.
- 3) Мәдениет жүйесіндегі философияның негізгі функциялары.

3. Сана, жан және тіл

Философия тарихындағы жан, ес, ақыл, рух мәселесінің қаралуы. Аристотель «Жан туралы», Әл-Фараби, Ибн-сина жан туралы.

Христиан және ислам діндері жан мен рух туралы. Антропосоциогенез, сананың пайда болуы және мәні туралы концепциялар. Шығыс философиясы руханилық туралы. Сана құрылымы, бейсаналық туралы. (З.Фрейд, К.Г. Юнг) Сана және өзіндік сана. Сана және ұлттық сана.

Ойлау және тіл. XX ғасырдағы философиядағы «лингвистикалық бұрылыс». Ұлттық тілдің маңызы, қазақ тілінің рухани жаңғырудағы ролі және болашағы. Жеке адам санасы және қоғамдық сана.

Философия тарихында сезім мен сенім, сенім мен ақыл арақатынасының қаралуы. Ақыл мен мінез-құлық, іс-әрекет арасындағы байланыстар және адамдар арасындағы көзқарас үйлесімділігі туралы талдау жасау керек.

Қоғамдық сана формалары: дін, парасат, өнер, саясат, құқық, ғылым, философия сияқты құндылықтарға баға беріліп және олардың өзара байланысын анықтау қажет. Адамгершілік, имандылық, эстетикалық талғам құқықтық және саяси саналылық ұғымдарының мәнін ашу, диалектикалық байланысын көрсету керек. Қазіргі заманғы қазақ қоғамындағы қоғамдық сана мен жеке адамдар санасының даму деңгейі, ұлттық сананың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталған дұрыс.

3.1 кесте Сананың пайда болуының басты философиялық тұжырымдамасы

Тұжырымдама	Басты идеялары	Өкілдері
Идеалистік тұжырымдама	САНА – адамның және материяның пайда болуынан бері бар	Платон, Аристотель, Аврелий Августин, Фома Аквинский, Георг Гегель және т.б.
Материалистік тұжырымдама	САНА – жоғары дәрежеде ұйымдастырылған материямен туындайды, адамның пайда болуына дейін сана болған жоқ.	Людвиг Фейербах, Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Владимир Ленин, Огюст Конт, Чарлз Дарвин

Пантеистік тұжырымдама	САНА – ғарыштық субстанцияның ажырамас (имманенттік) бөлігі. Ол мәңгілік, бірақ әр түрлі жағдайда, көбінесе материалдық формада көрініс беріп, әр түрлі даму дәрежеде болады. Сана ғарыштық эволюция үрдісінде даму үстінде болады.	Махатма, Е. Блаватская, Ла Дью, Н. Рерих
------------------------	---	--

Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар:

- 1) Адам және жаттану себетері, мәні, тарихи формалары.
- 2) Адамдағы әлеуметтік және биологиялық қасиеттері.
- 3) Философия тарихындағы сана туралы көзқарастың дамуы.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

- 1) Рухани және материалды өндірістің өзара байланысы.
- 2) Ойлау және тіл туралы философиялық көзқарастар.
- 3) Сана және беисаналық.

4. Онтологиядағы негізгі ұғымдарға сараптама

1) Болмыс және бейболмыс мәселесінің философия тарихында қаралуы. (Парменид, Зенон, Платон, Аристотель, Эл-Кинди, Эл-Фараби, Декарт, Лейбниц, Абай, М.Хайдеггер, К.Яспере т.б.) Болмыс формалары. Материя, қозғалыс, кеңістік және уақыт ұғымдары туралы.

2) Философиядағы негізгі категорияларға талдау. Мән және құбылыс; дара, ерекше және жалпы; бүтін және бөлшек; сан және сапа; себеп және салдар; өлшем; терістеу; форма және мазмұн; қажеттілік және кездейсоқтық; мүмкіндік және шындық; Абай философиясындағы Алла және адам болмысы мәселелері.

3) Философиядағы идеалдылық мәселесі. Ой мен болмыстың қатынасы. Идеялар әлемі және рухани құндылықтар. Рух және руханилық. Ойлау формалары. Виртуалды шындық – философиялық мәселе.

Нақтырақ айтқанда, мұнда болмыстың түрлері мен белгілері (атрибууттары), субстанция жөнінде философиялық көзқарастар, материя және рух, қозғалыс, даму және детерменизм мәселелері қарастырылады. Кейбір ірі философиялық ағымдар мен дәстүрлерге тән болмыстың онтологиялық құрылымына деген көзқарастар, сондай-ақ дүниенің (Вселенной) даму сценарийлері мен құрылымдары туралы және қазіргі заманғы көзқарастар берілген.


Әлем – адамнан тыс өмір сүретін табиғи ортаны бейнелейді. Табиғи процестер мен құбылыстар жеке – жеке емес, бір – бірімен байланыста өмір сүреді. Әлем – біртұтастық, өйткені ондағы жеке элементтер бір – бірімен гравитация күшімен байланысқан.


Болмыс философиядағы ең көне, дәстүрі мол, тарихы бай ұғымдардың бірі болып саналады. Ол «бол, «болу» сияқты түсініктердің баламасы. Бұл ұғым адамды қоршаған ортаны біртұтас бүтіндік деп тану қажеттігінен туындаған. Оның көмегімен дүниетанымдық «әлем деген не?» сұраққа жауап беруге болады.

«Болмыс» туралы түсініктер көне философияда қалыптасты. Мысалы, Парменид болмыс дегеніміз – бұл тірлік, одан басқа еш нәрсе емес – деп үйретті. Болмыс жақсы, жаман жақтары бар толтырылған, қозғалмайтын шар іспеттес.

Болмыс – жаратылыстану мен адамның практикалық іс – әрекетінің негізгі объектісі болып табылатын табиғат. Ол белгілі заңдылықтарға сүйеніп жұмыс істейтін механизм тәрізді. Адам әр уақытта табиғаттың жоғарғы күрделі жеңісі, күрделі механизм деп түсіндірілді.

Қазақ халқының «сұм дүние», «опасыз дүние», «жалған дүние» деген байырғы ұғымдарында да болмыс туралы пікір қорытылған. Келтірілген түсініктерді жинақтап, болмыс дегеніміз дүниеде бар барлық құбылыстарды, заттарды, процестерді білдіретін ұғым деп анықтауымызға болады.





4.1 сурет

Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар:

- 1) Жаңа замандағы дүниеге көзқарас болмыс проблемасымен қандайбайланыста?
- 2) XX - ғасыр философиясындағы болмыс проблемасының тағдырықандай?
- 3) Монизм. Дуализм. Философиялық плюрализм.
- 4) Сана мен болмыстың арасында қандай байланыс бар?

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

- 1) XX - ғасырдың соңғы кезеңінде сананы түсіндірудегі тенденциялар.
- 2) Адам өмірінің әлеуметтік және биологиялық ұзақтығы.
- 3) Табиғи болмыстың басты атрибуттары.
- 4) Г.Гегелдің диалектикасына сәйкес болмыстың онтологиялық құрылымы.

5. Таным – философиялық мәселе


Философия тарихында адамның таным мүмкіндіктерінің және жалпы таным мәселесінің қойылуы. Таным субъектісі және объектісі. Гностицизм, агностицизм, скептицизм, релятивизм және танымдық оптимизм ұғымдарының мәні мен мағынасы. Таным тәсілдері, формалары және деңгейлері. Г.Гегельдің диалектикалық таным тәсілі. К.Поппердің «субъектісіз» эпистемологиясы. Ақиқат және адасу. Білім, ақиқат пен жалған. Ақиқаттық критерийлері.

Сезімдік және рационалдық таным. Философия тарихындағы эмпирикалық және рационалдық дәстүрлер. Таным, білім және шығармашылық. Ғылым мен техниканың даму тарихындағы интуиция мен шығармашылықтың рөлі. Таным мен тәжірибе арасындағы диалектикалық байланыс. Ойлаудың негізгі формалары. Э. Гуссерль жақтаған «заттық ойлау» қазақтың ұлттық философиясында қалыптасқан бейнелеп (образдық) ойлау

формасын қолдаған көзқарас. Интуитивті ойлау мен бейнелеп ойлаудың өзара байланысы.

Танымның тұтас күрделі процесінде бейнелеудің сезімдік және логикалық формалары «таза» түрі де, жеке, бір - бірінен оқшау түрі де көрінбейді. Олар бірігіп, бір - бірімен қабысып, өзара бір-біріне еніп тұрады. Таным ісінің қандайына да болсын белгілі - бір дәрежеде сезімдік, эмпириялық элементтер де, сол сияқты рационалды, теориялық элементтер де кіреді. Таным процесі сезімдік және рационалдық жақтардың диалектикалық бірлігі. Танымның эмпириялық және теориялық деңгейлерінің бір - бірінен мынандай айырмашылықтары бар: оларда зерттеліп отырған объект әр түрлі жағынан қарастырылады, білім әртүрлі әдістер арқылы табылады, оны белгілейтін әртүрлі логикалық формалар. Эмпириялық деңгейде қарапайым пайымдауға қолайлы объектінің сыртқы байланыстары мен қатынастары қарастырылады, тәжірибеден тікелей индуктивтік әдіспен алынған эмпириялық білімнің логикалық формасы ретінде жеке фактіні бейнелейтін жеке ой пікірі, ол білім жаңа теорияны құраудың эмпириялық негізі болады. Эмпириялық деңгейде құбылыс дәрежесіндегі заңдылықтар анықталады. Таным құбылыстан мәнге, бірінші реттегі мәннен екінші реттегі мәнге т. с. с. қарай қозғалады. Сөйтіп, таным заттың ішкі мәніне қарай шексіз тереңдей береді. Ал теориялық деңгейде біздер заттың ішкі байланыстары мен заңдылықтарын, қайшылықтары мен заңдарын ашамыз. Мұны эмпириялық білімді теориялық жолмен өңдеу, белгілі бір принцип бойынша синтездеу арқылы табамыз. Теориялық білімнің логикалық формасы өзара іштей жинақталған абстракциялар жүйесі болып табылады. Зерттеліп отырған объектінің теориясын құру және қолдану танымның теориялық деңгейінің мақсаты. Эмпириялық білімге қарағанда теориялық білімнің қолдану аясы өте кең. Танымның эмпириялық және теориялық деңгейлері өте тығыз байланыста.

Дүние және онымен ұдайы қатынастағы адам үнемі дамуда, қозғалыста болатыны белгілі. Оның заңдылықтарын дәлірек және толығырақ бейнелеу үшін ғылыми таным да үнемі даму мен қозғалуда болуы қажет. Ал материялық дүниенің дамуы белгілі бір заңға бағынады және қайшылықты сипатта болады. Сондықтан таным процесі де қайшылықты және дамуда. Қайшылықтың пайда болуы, шиеленісуі және шиеленісуі - даму процесі дегеніміз осы. Қайшылық проблемалық ситуация дегенді тудырады, ал оны шешу ғылыми танымды одан әрі дамытады.



5.1 сурет

Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар:

- 1) Ақиқат және адасу.
- 2) Ғылым және адамгершілік.
- 3) Ғылыми танымның шындықты игерудің әдеттегі, көркемдік және басқа тәсілдерінен айырмашылығы.
- 4) Логика және шығармашылық.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

- 1) Ойлау және тіл.
- 2) И.Кант философиясындағы таным мәселесі.
- 3) Релятивизм таным туралы.
- 4) Дін-ақиқат туралы.

6. Философиядағы тәсіл мәселесі. Ғылым және техника

1) ғылыми таным тәсілдері. Ғылыми ақиқаттың ерекшелігі және маңызы. Философия тарихындағы ғылымға сараптама жасаудың тәжірибесі: Аристотель, Әл-Фараби, Ф. Бэкон, Г.Гегель, О. Конт. Абай және Ш. Уәлиханов ғылым туралы.

2) Сциентизм және антисциентизм. Ғылым мен техниканың даму тарихына қысқаша шолу. Ғылыми-техникалық прогресс және болашағы туралы. Ғылым этикасы. Қазақстандағы ғылым мен техникалық даму деңгейі. Цифрлық технология және Қазақстандағы үшінші модернизация қарқыны.

Техника(гр. – өнер, шеберлік, ептілік) — *тар мағынада*: инженерлік қызмет әдістерімен жасалынатын және қолданылатын артефактар (жасанды) жиынтығы. Техника - *кең мағынада*: адам қызметінің кез келген саласындағы ерекше техникалық үрдіс түрі. Техниканы кейде әйтеуір бір механизмдердің жиынтығы ретіндегі инструменталдық (құрал ретінде) түсінуде кездеседі. Интернет технологиясы жылдам өзгеріп отырады. Интернетпен жұмыс істеу оңайланғандықтан, қазіргі өзгерістер торапты кім немесе қандай мақсатпен қолдануында болып отыр. Дегенмен, «Web-тен білгім келген нәрсе туралы, информация таба аламын ба?» - деген сұрақ туындайды. Сол себепті бір жаққа телефон соғудан бұрын немесе кітапханаға барар алдында Web-тен информация алады.

Адамдарды іздеу. Егер қажетті адамыңыздың қайда екенін білмесеңіз, оны қайда болмаса да сіз қазіргі уақытта тауып алу мүмкіндігіңіз бар. Ол үшінсіз қызмет каталогын немесе телефон кітапшасын қолдана аласыз. Компанияларды, өнімдерді немесе басқа да қызметтерді іздеу. Сары парақ (Yellow Page) атты жаңа каталог қызметі- сізді қызықтыратын мамандықтары бар компанияларды іздеуге мүмкіндік береді. Оның адресін тез табу үшін сіз сол облысқа сәйкес кодты бере аласыз. Осылайша өзіңіз қолыңыз жетпей жүрген затыңызды да табуға болады.

Зерттеу. Заң кенселері бұрын қажетті информациялар үшін сағатына \$8600 төлесе, қазір олар оны Интернеттен өте аз бағаға ала алады. Жылжымайтын заттармен айналысатын фирмалар, олардың бағасын бағалау үшін Интернетке сай келетін демографиялық мәліметтерді пайдаланады. Ғалымдар өздерінің соңғы зерттеу нәтижелерімен ауысады. Интернет көмегімен бизнесмендер болашақтағы нарықтарды үйренеді.

Білім. Мектеп мұғалімдері бүкіл әлемдегі оқыту программаларын бақылап отыра алады. Колледж оқытушылары өз шанырақтарымен электрондық почта арқылы хабарласып, сонымен қатар телефонмен сөйлесу ақысын үнемдейді. Студенттер компьютерде курстық жұмыстарын жасайды. Сонымен қатар, диалогтық режимде энциклопедияның соңғы басылымын және басқа да қажетті материалдарды алуға болады.


Сапар. Үлкен, кіші қалалар, штаттар және бүкіл мемлекеттерді Web-те туристік және басқа да қажетті информациялардан табуға болады. Желіде сапар

шегушілер ауа райы туралы мәліметтерді, транспорт қозғалысының уақыт кестесін немесе мұражайдың жұмыс уақыттары туралы мәліметтер ала алады.

Маркетинг және сауда. Мұнда программалық жабдықтарды шығарушы компаниялар өз өнімдерін сатып, желіде жаңа нұсқаларын ұсынады. Желі көмегімен басқа да түрлі өнімдер сатылады. Электронды кітап және грампластинка дүкендерде оперативті режимде істейді. Клиент өзіне қажетті мәліметті каталогтардан көре алады.

Денсаулық сақтау. Науқас адамдар мен дәрігерлер денсаулық сақтау облысындағы соңғы ашылған жаңалықтарды біліп отырады. Өз білімдерімен алмасып және медициналық мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесіп отырады.

Инвестиция. Адамдар акция сатып алып ақшаларын пайдалы айналымға жібереді. Кейбір компаниялар өздерінің акцияларын оперативті режимде ұсынады. Осылайша инвесторлар жаңа өнеркәсіптерді, ал өнеркәсіптер капитал табады. Конференция және аукциондарды ұйымдастырушылар хабарлама жасау, өтініш жинау немесе қатысушыларды тіркеу, т.б. жұмыстарды Web-те жасайды. Мұнда информация барлық уақытта жаңарып отырады, мұндақағазды және транспорт шығынын әлдеқайда үнемдеуге болады.



6.1 сурет

Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар:

- 1) Ғылым дамуының қазіргі тарихы, ерекшеліктері: информатика, интернет клондау.
- 2) Инженерлік іс-әрекет – тұлғаның шығармашылық дамуының бір белгісі ретінде.
- 3) Ғылыми техникалық революция заманындағы өнердің даму ерекшеліктері.

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

- 1) Философиядағы болашақтың мәселесі.
- 2) Болашақты зерттеудің ғылыми және ғылыми емес әдістері.
- 3) Болашақ және ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП).
- 4) Адамзаттың ғаламдық проблемаларды шешу қауқары қандай?

7. Философиядағы адам мәселесі

1) Адам мен әлем. Көне дәуір философиясындағы адам мәселесінің қаралуы: Үнді, Қытай, Грек философиясы. Қазақ философиясы тарихындағы адам мәселесінің қойылуы: жыраулар, Абай, Шәкәрім және ХХ ғасырдағы қазақ зиялыларының философиясы.

2) Жаңа заман және классикалық неміс философиясы адам туралы. Механикалық антропология. Ф.Ницше және А. Шопенгауер, К.Маркс және Ф. Энгельс. Л.Фейербахтың материалистік антропологиясы.

3) Қазіргі заманғы философия адам туралы: Э. Кассирер, И. Хейзинга, Г. Маркузе, М.Шелер, А.Гелен, М. Хайдеггер, Н.Бердяев, Карл Яспеле, Жан-Поль-Сартр. Адам, кісі, тұлға ұғымдары.

Адамның ой-сезімін, мінез-құлқын тәрбиелеп, жетілдіру арқылы бақыт жолына салу мәселесіне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей арнаған орта ғасырдағы Шығыстың ойшыл философы, біздің әйгілі жерлесіміз әл-Фараби болды. Әл-Фарабидің айтуынша, бақыт – әр адамның көздейтін мақсаты. Сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін адамның үш түрлі тамаша табиғи қабілеті болады:

- ерекше жасалған дене құрылысы;
- жан құмарлықтары;
- ой-парасаты.

Бұл қабілеттер өзінен-өзі табиғат берген қалпында бақытқа жеткізбейді. Бірде жақсылық толық нәтижесін берсе, енді бірде керісінше болуы мүмкін. Мұндай кездейсоқты жеңуді жолы – аталған үш қабілеттің әрқайсысын дұрыс жолға бағыттап тәрбиелеу, сол арқылы адамның мінез-құлқы мен ой-парасаты оларды саналы түрде үнемі дұрыс нәтиже туғызатын дәрежеге жеткізу. Мұны іске асыру: адамға және мемлекет басындағы саяси қайраткерлердің міндеті. Әл-Фараби былай деп үйретеді: қандай болса да іс-қимылын жасағанда адам біржақтылықтан, үшқаралықтан сақтану керек. Себебі әрбір жақсы қасиет бір-

біріне қарама-қарсы екі жаман қасиеттің аралығынан туады. Оның бұдан мың жылдан астам уақыт бұрын айтылған ойлары бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Қазір Бүкіл адамзат алдында бұрын болмаған ауқымды мәселелер қойылуда. Олардың ішінде бейбітшілік пен қарусыздану, қоғамдық және әлеуметтік даму, кейбір мемлекет пен аймақтардың артта қалуын жою, ғылыми-техникалық жағынан алға басу, халық ағарту және мәдениет мәселелері, халық санының өсуі, денсаулық сақтау, адамның жаңа биологиялық және әлеуметтік жағдайларға үйренуі, материалдық қор мен энергетика, азық-түлік пен табиғат және т.б. сияқты күрделі мәселелер бар.



7.1 сурет

Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар:

- 1) Жеке адамның құрылымына нелер жатады?
- 2) Антропосоциологиялық проблематикаға қызығушылықтың себептері неде?
- 3) Антропосоциогенез ұғымының мағынасы қандай?
- 4) Адамның әлеуметтік тәртібін қалай түсінесің, ол қалай қалыптасады?
- 5) Әлеуметтік бақылау дегеніміз не?

Баяндамалар мен рефераттар тақырыптары:

- 1) Еңбек құндылық ретінде.
- 2) Жеке адамның дамуындағы табиғылық пен қоғамдық.
- 3) Шоқан адамның құқығын қорғау және қоғамдық құрылысты өзгерту, Оның негізгі бағыттары туралы не айтты?
- 4) Абай, Ыбырай шығармаларында адам тақырыбы қалай сөз болған?
- 5) Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек және т.б. адамның адамдық мәртебесі туралы пікірлері қандай?

8. Өмірдің мәні мәселесін философиялық талдау

Философиядағы өмір мен өлім мәселесі. Шығыс және Батыс философиясы өмір туралы. Қорқыт өмір және өлім туралы. Фатализм, гедонизм, аскетизм, волонтаризм. Қазақ философиясы өмірдің мәні туралы: ақын-жыраулар және Абайдың көзқарастары. Махаббат- адам өмір сүруінің мәні. Абайдың «Алла махаббаттын жаратқан адамзатты» деген көзқарасының мәні.

